

Степногорск қалалық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 4С-14/3 " Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын-жайды ұстауға, байланыс және тұрғын үй коммуналдық қызметін төлеуге тұрғын үй көмегін беру ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 4С-43/3 шешімі. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 5 қазанда № 1-2-147 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 31 қазандағы № 5С-10/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2012.10.31 № 5С-10/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес, Степногорск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Степногорск қалалық мәслихатының «Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын-жайды ұстауға, байланыс және тұрғын үй коммуналдық қызметін төлеуге тұрғын үй көмегін беру ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 4С-14/3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-2-106 тіркелген, 2009 жылғы 20 ақпанда «Степногорск Ақшамы», «Вечерний Степногорск» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:
«Степногорск қаласы бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы»;

шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Қоса берілген Степногорск қаласы бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету ережесі бекітілсін.»;
көрсетілген шешіммен бекітілген, Аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын-жайды ұстауға, байланыс және тұрғын үй коммуналдық қызметін төлеуге тұрғын үй көмегін беру ережесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік

тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а л а л ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>Н.Лощинская</i>	
	<i>Қ а л а л ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>
<i>хатшысы</i>	<i>Ғ.Көпеева</i>	
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>		
<i>Степногорск қаласының әкімі</i>	<i>А.Никишов</i>	
С т е п н о г о р с к		қ а л а л ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң	2 0 1 1	ж ы л ғ ы
8 қ ы р к ү й е к т е г і	№	4 С - 4 3 / 3
шешіміне қосымша		
С т е п н о г о р с к		қ а л а л ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң	2 0 0 8	ж ы л ғ ы
2 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы	№	4 С - 1 4 / 3
шешімімен бекітілген		

Степногорск қаласы бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі

Осы Степногорск қаласы бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес әзірленген.

1. Жалпы ереже

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Степногорск қаласында, Ақсу, Заводской, Бестөбе, Шаңтөбе кенттерінде және Қарабұлақ селосында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) ұсынылады: жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді)

жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға; тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға;

байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін жасаған төлем шығынының мүмкіндік шегінің үлесі өтініш берушінің жиынтық табысының 15 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі.

2. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасы бір адамға 18 шаршы метр көлемінде белгіленеді. Жалғыз тұратын азаматтарға өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй алаңының нормасы 30 шаршы метр көлемінде белгіленеді, бірақ бір бөлмелі пәтердің көлемінен кем болмауы тиіс.

Коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, газ, канализация, жылу энергиясы, лифт, қоқыс шығару) пайдалану нормативтері нақты пайдалану мөлшерімен белгіленеді және нормативтік құжаттарда белгіленген шегі көлемінен аспауы тиіс (құрылыстың нормалары мен ережелері (ҚНЖЕ)).

Тұрғын үй көмегін есептеуге барлық коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерінің тарифтерін және олардың өзгеруін қызмет көрсетушілер ұсынады.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган болып «Степногорск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі анықталды, бюджет қаражатын тарату бойынша өкілетті орган болып «Степногорск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі анықталды.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу

4. Тұрғын үй көмегі аз қамсыздандырылған меншігінде бір бірліктен көп тұрғын үйі (пәтер, үй) немесе тұрғын үйін жалға «қосымша жалдауға) беретін, сондай-ақ еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, күндізгі бөлімде оқымайтын, әскер қатарында емес және «Степногорск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген мүшелері бар отбасылардан (күтім көрсетуге мұқтаж адамдардың күтімін жүзеге асыратындардан, 18 жасқа дейінгі жастағы мүгедек балаларға қызмет көрсететін тұлғалардан, III топ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алатын тұлғалардан, айрықша зиянды және аса ауыр еңбек жағдайындағы жұмыста, жер астылық және ашық тау жұмыстарында істейтін (№ 1 және № 2 тізім) мемлекеттік жәрдемақыны алатын тұлғалардан басқалары), басқа отбасыларға (азаматтарға) әр тоқсан сайын тағайындалады. Есептеулер ағымдағы тоқсанда жүргізіледі, ал отбасының өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады.

Жергілікті жылу берілетін жекеменшік үйлерде тұратын отбасыларға тұрғын үй көмегі жылына бір рет ұсынылады, көмір нормасы бір рет алынады.

Отын шығыны айына 1 шаршы метрге 49,75 килограмм мөлшері есепке алынады, алайда отбасына жылына бес тонна көмірден аспауы керек.

Көмірдің құнын есептеу үшін тұрғын үй көмегі есептелген алдыңғы тоқсандағы, тоқсанның соңғы айындағы жағдай бойынша қалалық ақпарат және статистика басқармасының ұсынған қала бойынша орташа баға пайдаланылады.

Тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанға толық тағайындалады.

Отбасының табыстары, тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтердің төлемдерінің тарифтері өзгерген кезде тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша орган бұрын есептелген тұрғын үй көмегіне қайта есептеулер жүргізеді.

5. Тұрғын үй көмегі тұрғын үй иесі немесе жалға алушының құжаттар қоса берілген өтініші негізінде тағайындалады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқықтылығын белгілейтін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;

- 4) отбасының табыстарын растайтын құжаттар;
- 5) тұтынылған коммуналдық қызметтердің шоттары (салыстырып тексеру үшін).

Құжаттардың көшірмесі салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасымен қоса ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқасы өтініш берушіге сол күні қайтарылады.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге шыққан шығындарға өтемақы алуға құқығы бар отбасылар (азаматтар) осы Ереженің 5 тармағында көзделген құжаттармен қоса қосымша ұсынады:

- 1) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шот;

- 2) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот.

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері төлемдері шығындарына жәрдемақы алу құқығы бар отбасылар (азаматтар) осы Ереженің 5 тармағында көзделген құжаттардан басқа келесілерді ұсынады:

- 1) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсету шартының көшірмесі.

Жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемдері шығындарына жәрдемақы алу құқығы бар отбасылар (азаматтар) осы Ереженің 5 тармағында көзделген құжаттардан басқа келесілерді ұсынады:

- 1) жергілікті атқарушы орган ұсынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу мөлшері туралы шоттар.

Қайта өтініш берген кезде 1, 2, 3 тармақшаларда көрсетілген құжаттар өзгеріс туындаған жағдайда ұсынылады.

6. Тұрғын үй көмегін өтініш берушіден құжаттарды қабылдап алғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде қарайтын және тұрғын үй көмегі тағайындалғаны немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығаратын тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган тағайындайды.

Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган шешім қабылдағаннан кейін өтініш берушіге қабылданған шешім жөнінде жазбаша

х а б а р л а й д ы .

7. Ұсынылған ақпараттың сенімділігіне күдік туындаған жағдайда тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган тексеріс жүргізуге өкілетті органдарға жібереді. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті органға заңсыз немесе жоғары тұрғын үй көмегін тағайындалуына әкелген әдейі жалған мәліметтер берілсе заңсыз тағайындалған соманы меншік иесі (жалға алушы) өз еркімен қайтарады, ал ол бас тартқан жағдайда сот арқылы қайтарылады.

8. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлемдер түрінде анықталады. Тұрғын үй көмегі төлемдері бюджеттік қаражатты бөлу бойынша өкілетті органның қаржыландыруына қарай ай сайын (кұқығы болған кезде) жүргізіледі.

Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі төлемдерін өкілетті орган екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырады. Тұрғын үй көмегін алуға үміткердің жеке өтінішіне сәйкес тұрғын үй көмегі төлемдері коммуналдық қызметтерді жеткізушілерге жіберіледі. Тұрғын үйді күрделі жөндеу шығындарына өтемақы және отын (көмір) құнының шығындарына өтемақы өтініш берушілердің екінші деңгейлі банктердегі шоттарына аударылады.

3. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер азаматтардың (отбасылардың) жиынтық табысын есептеу

9. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы табыстарынан Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-п бұйрығымен бекітілген мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу Ережесі негізінде есептейді.